

ӘОЖ.94(574)

«ТАРИХ САБАҒЫНДА ХРОНОЛОГИЯЛЫҚ ОЙЛАУДЫ ДАМУДАҒЫ ПРАКТИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ РӨЛІ»

Жиеналиева Тугел Максатовна Тарих пәнінің мұғалімі, педагог-зерттеуші
tzhienalieva@mail.ru «Жалпы білім беретін №33 Қасым Қайсенов атындағы орта мектеп»
КММ Атырау қаласы, Қазақстан Республикасы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде оқушылардың тарихи ойлау қабілетін дамытуда практикалық тапсырмалардың рөлі ерекше. "Тарих сабағында хронологиялық ойлауды дамытудағы практикалық тапсырмалардың рөлі" атты авторлық жұмыста тарих сабағында хронологиялық ойлауды дамытудағы практикалық тапсырмалардың рөлі қарастырылады. Практикалық тапсырмалар арқылы оқушылар тарихи оқиғаларды жүйелеу, уақыт пен оқиғалардың логикалық байланысын анықтау, тарихтағы маңызды кезеңдерді дұрыс түсіну дағдыларын меңгереді. Тапсырмалар білімді тексерумен шектелмей, оқушылардың ойлау қабілетін жетілдіреді, өз пікірін айта білуге, сыни ойлауға үйретеді. Мысалы, уақыт сызығын құру, синхрондық кестелер жасау, тарихи оқиғаларды салыстыру сияқты жұмыстар оқушылардың өз бетінше ізденуіне және талдау жасауына мүмкіндік береді. 119 Әр тақырып бойынша берілген тапсырмалар оқушылардың өз бетінше ойлауын, талдау жасауын, қорытынды шығаруын талап етеді. Бұл тапсырмалар оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған. Практикалық тапсырмалардың рөлі - олардың Қазақстан тарихының маңызды оқиғаларына негізделуінде. Бұл оқушылардың өз елінің тарихын терең түсінуіне және патриоттық сезімдерінің дамуына ықпал етеді. Сонымен қатар, әлемдік тарихпен байланыстыру арқылы оқушылардың кең ауқымды тарихи көзқарасын қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Тарих сабағында хронологиялық ойлауды дамытудағы практикалық тапсырмалардың рөлі» атты бағдарлама аптасына 1 сағаттан жылына 34 тақырыптық сабаққа есептелген. Сабақ тақырыбы қарапайымнан күрделіге қарай принципі бойынша құрылған, бұл оқушылардың білімін біртіндеп тереңдетуге мүмкіндік береді. Әр сабақ 5 практикалық тапсырмалардан тұрады. Тапсырмалар 5-11 сынып оқушыларының жас ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып әзірленген. Авторлық жұмыс 10-11 сынып оқушыларының ҰБТ-ге дағдыларын бекітуге, өткен материалдарға күрделі қайталау жасау арқылы тарихқа шолу жасауға оң ықпал етті. Әдістеме Әдістеме міндеттері: 1. Оқушылардың практикалық тапсырма орындаудағы хронологиялық ойлау дағдыларын дамыту: - Оқушыларға тарихи оқиғаларды уақыт бойынша дұрыс ретке келтіру, олардың арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыру; - Оқушылардың хронологиялық ойлауы уақытты дұрыс бағалауға және тарихи процестердің байланысын түсінуге мүмкіндік беру. 2. Практикалық тапсырмалар арқылы тарихи оқиғаларды жүйелі түрде талдауды үйрету: - Оқушыларға тарихи оқиғаларды хронологиялық ретпен орналастыруға бағытталған тапсырмалар ұсыну; - Оқушылар уақыттың маңыздылығын, оқиғалардың өзара байланысын дұрыс түсіну. 3. Тарихи білімді көрнекі құралдармен бекіту: - Хронологиялық карталар, уақыт сызықтары, диаграммалар, кестелер сияқты көрнекі құралдарды қолдана отырып, тарихи процестерді түсінуге көмектесу; - Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, олардың тақырыпты терең меңгеруіне ықпал ету. 4. Оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға баулу: - Хронологиялық ойлау қабілетін дамыту оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға, тарихи оқиғалар мен процестерді тек қана білу емес, олардың мәнін түсінуге үйрету; - Оқушыларды сұрақтар қоюға, ой-пікірлерін жеткізуге және дәлелдеу дағдыларын қалыптастыруға бағыттайтын тапсырмалар ұсыну. Әдістеменің негізгі принциптері 1. Ғылыми негізділік принципі- берілетін ақпараттың дұрыстығын,

дәлдігін және тарихи оқиғалардың нақты уақыт бойынша реттелуін қамтамасыз етеді. Сондықтан оқушылар тарихи фактілер мен мәліметтермен жұмыс жасағанда нақты дереккөздерге сүйену керек. 2. Тұлғалық бағыт принципі- оқушының жеке мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына назар аударады. Оқушылардың жеке ерекшеліктері ескеріліп, танымдық қабілеттерін арттыру қамтамасыз етіледі. 3. Қолданбалы бағыт принципі -тарих сабағында практикалық дағдыларды меңгерту үшін хронологиялық ойлауды дамытатын практикалық тапсырмалар, мысалы: уақыт сызықтарын жасау, оқиғаларды рет-ретімен орналастыру, тарихи карталарды талдау сияқты тапсырмаларды пайдаланады. Бұл әдіс оқушылардың хронологиялық ойлауын дамытуға 120 121 мүмкіндік береді. 4. Көрнекілік принципі-тарих сабағында көрнекі құралдарды пайдалану өте маңызды. Практикалық тапсырмаларды орындау үшін хронологиялық ойлауды дамытатын уақыт сызықтары, карталар, кестелер, диаграммалар, тарихи суреттер мен мультимедиялық материалдар қолдану ұсынылады. 5. Түсіндірмелі принцип- тапсырмалар оқушыларға нақты әрі түсінікті түрде ұсынылуы тиіс. Оқушылардың хронологиялық ойлауды дұрыс меңгеруі үшін сабақта тарихи оқиғалардың маңызы мен байланыстарын түсіндіру керек. 6. Саралау принципі-оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып, тапсырмаларды саралап беру олардың тиімді әрі қызықты жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. 7. Құзыреттілік принципі-тарих сабағында хронологиялық ойлау дағдысын дамыту арқылы оқушылардың зерттеу, сыни тұрғыдан ойлау, талдау, салыстыру сияқты дағдыларын қалыптастыру қажет. Бағдарламаны практикалық жүзеге асыру: Қысқа мерзімдік жоспар үлгісі: Бөлім: "Ғасырларды римдік сандармен белгілеу" Педагогтің аты-жөні: Күні: Сынып: 10-11 Қатысушылар саны: - Қатыспағандар саны: Сабақтың тақырыбы: Түркі қағанаты дәуіріндегі маңызды оқиғаларды римдік сандармен жазып, түсіндіру Сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаты: -Түркі қағанаты дәуіріндегі маңызды оқиғаларды хронологиялық тұрғыдан көрсету және түсіндіру -Түркі қағанаты дәуіріндегі саяси өзгерістерді сипаттау Сабақтың мақсаты: -Түркі қағанаты дәуіріндегі маңызды оқиғаларды римдік сандармен дұрыс жазып, оларды түсіндіреді; - Түркі қағанатының саяси тарихындағы негізгі оқиғаларды хронологиялық тұрғыдан көрсетеді Сабақ барысы С абақ кезеңдері Мұғалімнің оқу іс әрекеті Оқушының іс-әрекеті Бағалау Ресурс тар С абақ тың бас ы 5 мин ут Ұйымдастыру кезеңі Сәлемдесу, оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. «Шаттық шеңбер» психологиялық жағымды ахуал «Ой қозғау» Сұрақ: «Түркі қағанатының құрылу себептері қандай болды?» Оқушылар сабаққа дайындалады Оқушылар шеңбер құрып, бір-біріне жақсы тілек айтады. Оқушылар Түркі қағанатының құрылу кезеңдеріне шолу жасап, пікір алсады. Ауызша кері байланыс (Verbal Feedback): Презентация Карта - Түркі қағанатының құрылуы мен алғашқы кезеңдеріне шолу жасалып, оқушылардың қызығушылығын ояту үшін түркі қағанатының тарихи маңыздылығы туралы пікірталас жүргізіледі. Оқушылар тақырыпты болжайды. Сабақтың тақырыбы мен мақсаттарын таныстыру. С абақ тың орта сы 5 мин ут 3 1-тапсырма: Төмендегі оқиғаларды римдік сандармен жазылған ғасырларға орналастырыңыз: - Ашина руының билікке келуі V ғасыр (-----) - Ашина руының билікке келуін анықтайды; - Түркі қағанатының құрылуы VI ғасыр (-----) - Түркі қағанатының құрылуын (----- ж.) анықтайды; - Маниах елшілігі Маниах елшілігі ----- ж.(VI), - Қағанаттың екіге бөлінуі Қағанаттың екіге бөлінуін ----- ж.(VII) анықтайды; Сабақтың тақырыбы мен мақсатын біледі Оқушылар берілген ақпаратты тыңдайды. Ақпарат бойынша жұмыс жасайды Дескриптор: Оқиғаларды римдік сандармен жазылған ғасырларға орналастырады. ❖ ❖ ҚБ«Таб ыс сатысы» арқылы бағалау Оқу құралдары Оқулық, дәптерлер Тірек-сызбалар Жазу құралдары — Қаламсаптар, қарындаштар Маркерлер мен фломастерлер -Екінші Түркі қағанатының құрылуы -VII ғасыр (-----) -Екінші Түркі қағанатының құрылуын (----/---- ж.ж.) анықтайды 2-тапсырма: Google платфор

масы Карта Дескриптор: -Мұқан қағанның билік еткен жылдарын римдік сандармен жазады; -Бағындырылған аумақтарды хронологиялық ретпен көрсетеді. ҚБ Интерак 122 123 Мұқан қағанның билік еткен жылдарын (553-572 жж.) римдік сандармен жазыңыз және осы кезеңде бағындырылған аумақтарды хронологиялық ретпен көрсетіңіз. Мұқан қағанның билік еткен жылдары: (553-572 жж.) римдік сандарға айналдырады. DLIII-DLXXII жылдар Картамен жұмыс -Бағындырылған аумақтар: - Орталық Азия - Оңтүстік Сібір -Оңтүстік-батыс Маньчжурия (кидандар мен қарақытайлар) - Тува жері -Енисей қырғыздарының жері 3-тапсырма: VI ғасырдың (VI) қай онжылдықтарында Түркі қағанаты келесі елдермен дипломатиялық қатынастар орнатты? Жауабын римдік сандармен белгілеңіз. ----- жылдары (560-570 жж.) - Византия, Иран, Қытаймен қарым-қатынас орнатады - ----- (568 ж.) Маниах елшілігі Византияға барды; - ----- жылдары (580-590 жж.) Дескриптор: -VI ғасырда Түркі қағанатының қандай елдермен дипломатиялық қатынастар орнатқанын анықтайды; -Римдік сандармен белгілейді. Дескриптор: Түркі қағанатының VI ғасырдағы (VI) даму кезеңдерін римдік сандармен көрсетеді. . Дескриптор: «Жапондық бағалау» ★ ★ ♥ ҚБ«Екі жұлдыз, бір тілек» ❖ ❖ ҚБ Амандасу арқылы бағалау тивті тақта — Сабақтарды қызықты өткізу үшін қолданылатын тақта Маркерлер Карта Google платформасы Тірек-сызбалар Тақырыптық суреттер 124 - Парсы елімен одақтасу. 4-тапсырма: Түркі қағанатының VI ғасырдағы (VI) даму кезеңдерін римдік сандармен көрсетіңіз: DXLII - ? DXLV - ? DLII - ? DLXVIII - ? DCIII - ? ----- (542 ж.) - Қытай деректерінде алғашқы мәліметтер ----- (545 ж.) – Түркілердің тарих сахнасына шығуы ----- (552 ж.) - Түркі қағанатының құрылуы; ----- (568 ж.) - Византиямен дипломатиялық қатынастардың орнауы; ----- (603 ж.) - Қағанаттың екіге бөлінуі. 5-тапсырма: VII ғасырда (VII) Батыс және Шығыс Түркі қағанаттарының территориялық орталықтарын салыстырыңыз. Бұл кезеңде қандай маңызды оқиғалар болды? <https://learningapps.org/creat e?new=86#preview> Батыс Түркі қағанаты: -Орталығы: Суяб -VII ғасырда (VII) Батыс және Шығыс Түркі қағанаттарының территориялық орталықтарын салыстырады.Картадан көрсетеді -Бұл кезеңде болған маңызды оқиғаларды анықтайды. ❖ ❖ ☀ ☀ ҚБ «Жұлдыздар» арқылы бағалау» <https://learningapps.org/creat e?new=86#preview> платформасы Карта 125 қаласы (Шу өзені) - Жазғы ордасы: Мыңбұлақ - Негізгі аумағы: Қаратаудан Жоңғарияға дейін Шығыс Түркі қағанаты: - Орталығы: Ханғай таулары - Батыс шекарасы: Алтай таулары DCLXXXII/DCLXXXIII. (---/---ж.)-қағанаттың қайта құрылуы Сабактың соңы 5 мин Қорытынды: Сұрақ жауап әдісі: - «Түркі қағанатының құрылуының тарихи маңызы қандай?» - «Түркі қағанатының батыс және шығысқа бөлінуі қандай саяси өзгерістерге алып келді?» - «Түркі қағанатының ыдырауының негізгі себептері қандай?» Сабакқа кері байланыс береді. Feedback ❖ ❖ ☹ Құжаттар Карта Қорыта келгенде, «Тарих сабағында хронологиялық ойлауды дамытудағы практикалық тапсырмалардың рөлі» атты авторлық жұмыстың мақсаты тарих сабағында практикалық тапсырмаларды пайдалану арқылы оқушылардың тарихи оқиғаларды уақыттық жүйеде дұрыс орналастыру,олардың арасындағы себеп-салдарлы байланыстарды анықтау дағдыларын қалыптастыру болды. Әр сабақтың практикалық тапсырмалары оқушылардың тарихи оқиғаларды тек жаттап қана қоймай, оларды терең түсініп, талдай білуге үйретті. Бағдарлама аясында оқушылар уақыт сызығымен жұмыс істеуден бастап, күрделі синхрондық кестелер құруға дейінгі дағдыларды меңгерді. Бағдарламаны іске асыру барысында оқушылардың тарихқа деген қызығушылығының артқаны байқалды. Практикалық тапсырмалардың әртүрлілігі, интерактивті әдістердің қолданылуы оқу процесін қызықты әрі тиімді етті. Оқушылар тарихи оқиғаларды зерттеу барысында өздерін нағыз зерттеушілер ретінде сезініп, белсенді түрде жұмыс істеді. Мұғалімдер үшін бағдарлама қолдануға ыңғайлы және тиімді құрал болды. Әр тақырып бойынша берілген тапсырмалардың шешімдері мұғалімдердің

жұмысын жеңілдетті, ал бағдарламаның икемділігі әр сыныптың ерекшеліктеріне қарай бейімдеуге мүмкіндік берді. Болашақта қазіргі заманғы технологияларды көбірек қолдану, онлайн ресурстарды пайдалану, интерактивті тапсырмаларды көбейту арқылы бағдарламаны одан да тиімді ету мүмкіндіктерін қарастыруға болады. Бұл бағдарлама қазіргі заманғы білім беру жүйесінде өз орнын тауып, тарих пәнін оқытуда тиімді құрал ретінде қолданыла алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1. Абдуғұлова Б.Қ., Қапаева А.Т., Кенжебаев Ғ.Қ. Қазақстан тарихынан хикаялар // Алматы: Алматыкітап баспасы. – 2012 ж. 2. Жакишева С.А. Республиканың жалпы білім беретін мектептеріне арналған Қазақстан тарихы бойынша электронды оқулық жасау тәжірибесі // Тарих және компьютер бірлестігінің ақпараттық бюллетені. – 2004. – Жоқ. 32. – 28-29 б. 3. Әбусейітова М.Х. және 90 Қазақстан және Орталық Азия тарихы: Оқу құралы. нұсқаулық // Алматы: Дайк-Пресс. – 2001 ж. 4. Петренко Е.О. Тарих оқулығы посткеңестік кеңістіктегі ұлттық бірегейлікті қалыптастыру құралы ретінде: Қазақстан тәжірибесі // Пермь университетінің хабаршысы. Серия: Саясаттану. – 2011. – Жоқ. 2. – 52-63 б. 5. Құсайынова М. Қазақстан тарихы. Қазақстан Республикасының 12 жылдық мектептерінің 11-сыныбына арналған оқулық: Қазақстан тарихы. Учебник для 11 сынып 12 жылдық мектеп Қазақстан Республикасы. – 2013 ж. 6. Сәрсекеев Б.С. Қазақстан тарихы бойынша кітап оқу-әдістемелік кешенін жасау мәселесі туралы // Вятка мемлекеттік университетінің хабаршысы. – 2012. – Жоқ. 2-3. – 32-35 б.